

## Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (жария сервитут) белгілеу туралы

Постановление акимата Шортандинского района Акмолинской области от 21 ноября 2023 года № А-5/218

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 69-бабының 4-тармағына сәйкес "Абай Gold" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының 2023 жылғы 4 қазандағы № 3Т-2023-01963459 өтініші негізінде, Шортанды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Абай Gold" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне осы қаулының қосымшасына сәйкес қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2029 жылғы 4 сәуірге дейінгі мерзімге жалпы ауданы 1067,3679 гектар жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығы (жария сервитут) белгіленсін.

2. "Абай Gold" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне:

1) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы жазбаша хабарламалар (жария сервитут) жіберілсін;

2) "Шортанды ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жария сервитут шарты жасалсын;

3) Жұмыс аяқталғаннан кейін бұзылған жер учаскелерін тікелей мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру.

3. Шортанды ауданының "Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне:

1) Осы қаулы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберілсін;

2) Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шортанды ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының әкімі

С.Шабаров

Қосымша Шортанды ауданының  
әкімінің қаулысына  
"21" қазан 2023 жылғы  
№ А-5/218

## Шортанды ауданында орналасқан жер учаскелерінің жария сервитуты қатты пайдалы қазбаларды барлау бойынша операцияларды жүргізу үшін

№	Жер пайдаланушының/меншік иесінің атауы	Жария сервитутпен ауыртпалық салынған жер учаскесінің ауданы
---	---	--

1	"Раевка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	943,1520 га
2	Егемен ауылы	124,2159 га
	Жалпы	1067,3679 га

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК